

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2022 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2022 жылғы 19 мамырдағы № 4-18 с шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 23 мамырда № 28161 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қарашадағы № 787 қаулысына сәйкес Уәлиханов аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда туристерді орналастыру орындарындағы шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері - болу құнының 0 (нөл) пайызы бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Уәлиханов аудандық мәслихатының хатшысы

М. Абдулов